

№1 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 29.08.2025ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: жок

Төрайымы: Мырсейтова Э.С.

Хатшы: Жүрсін Н.Б.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Алтын Самұрық» бөбекжай-бақшасы 2024–2025 оқу жылына арналған атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының жылдық есебі
2. 2025–2026 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту
3. «Адал азамат» бағдарламасының жоспарымен таныстыру
4. Әр түрлі мәселелер (күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспар, циклограмма құрылымын бекіту)

I. ТЫҢДАЛДЫ: «Алтын Самұрық» бөбекжай-бақшасы 2024–2025 оқу жылына арналған атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының жылдық есебі

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші Мырсейтова Э.С. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының жылдық қорытынды есебін таныстырды. Есепте білім беру салалары бойынша балалардың даму көрсеткіштері, мониторинг нәтижелері, педагогтердің әдістемелік жұмыстары, өткізілген ашық оқу қызметтері мен тәрбиелік іс-шаралар туралы толық мәлімет берілді. Анықталған кемшіліктер мен алдағы оқу жылына арналған ұсыныстар айтылды. Сөз алған «Ақбота» мектепалды тобының тәрбиешісі Сыздық Ш.Ә. оқу жылы барысында қолданылған тиімді әдіс-тәсілдерге тоқталып, балалардың танымдық және шығармашылық белсенділігі артқанын атап өтті. Сонымен қатар ата-аналармен жүргізілген бірлескен жұмыстардың нәтижесі туралы пікір білдірді.

II. ТЫҢДАЛДЫ: 2025–2026 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші 2025–2026 оқу жылының жылдық жоспарын таныстырды. Жоспарда оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, тәрбиелік жобалар, әдістемелік іс-шаралар, педагогтердің кәсіби дамуы мен ішкі бақылау жүйесі қамтылғаны түсіндірілді.

«Болашақ» ортаңғы тобының тәрбиешісі Кенжеева У.Т. жоспар мазмұнына оң пікір білдіріп, жаңа оқу жылында ойын арқылы оқыту мен ерте кәсіптік бағдар беру элементтерін кеңінен енгізу туралы ұсыныс жасады.

III. ТЫҢДАЛДЫ: «Адал азамат» бағдарламасының жоспарымен таныстыру

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші Мырсейтова Э.С. 2025-2026 оқу жылына дайындалған әдістемелік нұсқаулықтағы өзгерістер мен толықтырулармен таныстырылып ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен кестелер ұсынылды. «Адал азамат» бағдарламасының негізгі бағыттары, жыл бойы жүргізілетін тәрбие жұмысының түрлері мен формалары түсіндірілді. Жаңа оқу жылына арналған оқу-тәрбие үдерісіне қатысты жылдық жоспар, перспективалық жоспар, циклограмма, күн тәртібі секілді негізгі құжаттар таныстырылып, педагогтермен бірге талқыланды. «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жылдық жоспарға, перспектива мен циклограммаға енгізе отырып, «Адалдық әліппесі» мектеп жасына дейінгі балаларда құнды қасиеттер мен адалдықты қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар жинағын пайдалану керектігін айтылды.

